

29.08.2024ж

Күн тәртібі:

1. Балабақшаның ішкі еңбек тәртіп ережелері мен қызметкерлердің лауазымдық міндеттерін бекіту.
2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту

1.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева қызметкерлерді Ішкі еңбек тәртіп ережелермен таныстырды.Бұл ережелер Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес бағытталған. Жұмысқа қабылдау және босату кезінде екі тараптан жасалынатын жұмыстарды қызметкерлер білуі тиіс. Әрбір қызметкер өзінің құқықтарын, міндеттерін, санитария талаптарын және техника қауіпсіздік ережелерін білуі керек. Мектепке дейінгі мекеме қызметкерлерінің міндеттері: еңбек тәртібін сақтау, адал жұмыс істеу, белгіленген мерзімінде медициналық байқаудан өту, этикалық жүріс-тұрыс нормаларын сақтау, ата-аналармен, балалармен қарым-қатынаста зейінді және ықыласты болуы, құжаттаманы өз уақытында толтыруы керектігін түсіндірді. Егер ішкі еңбек тәртіп ережелерін бұзғанда берілетін ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс және жұмыстан босату тәртіптік шаралар қолданылатынын айтты. Жұмыс уақыты бекітілген ішкі еңбек тәртіп ережелері жүргізілетінін ескертті.

Тәртіп әрбір қызметкердің тиімді жұмыс істеу үшін беріліп отырғанын сөз етіп, орындауымыз керек деп ойлайтынын айтты. Барлығы өз пікірлерін ортаға салып, бірауыздан мақұлдады.

Сонымен бірге балабақша меңгерушісі А.Абилдаева қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен таныстырды. Әрбір қызметкерге лауазымдық міндеттері жазылған парақшалары таратылып беріліп, орындау керек екенін айтты.. Балабақша қызметкерлері өздеріне қойылған лауазымдық міндеттерімен танысып, толық орындайтындықтарын , әсіресе, балалардың өмірі үшін жауап беретіндіктерін терең сезінетіндіктерін айтты.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі А.Абилдаева «Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау» жүргізді. Ата-аналар бізге өмірлерінің ең қымбатты байлығы балаларын сеніп тапсырған соң біз олардың өміріне,денсаулығына жауаптымыз.Балаларды қадағалаусыз қалдырмау және қауіпсіздік ережелерін біліп сақтауымыз керектігін айта келе қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау туралы нұсқаулықты тарапып, таныстырып өтті.

Балабақша қызметкерлері танысып, толық орындауға уәде берді.

3.Тыңдалды балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы жөнінде балабақша меңгерушісі А.Абилдаева баланың дұрыс тамақтанудың ұйымдастырылуы, оның денсаулығына зор ықпалын тигізетінін сол себепті толыққанды тамақтану рационын құру, құрамында пайдалы дәрумендер мен минералдарға бай әртүрлі тағамдарды қолдану тсс.мәселелерді түсіндірді.

Сондай ақ ақуыздар мен майлардың көп бөлігін балалар түс кезінде алады. Майлар мен ақуыздар өсіп келе жатқан ағзаның құрылыс материалы болып табылады. Ағзаға ақуыз

жетпеген жағдайда бойдың өсуі мен дамуы баяулайды, иммунитет төмендейді, ақыл-ой жұмысы нашарлайды. Сондықтан да, ақуыз мектеп жасына дейінгі баланың тағамына енгізіліп отыруы қажет.

4.Тыңдалды балабақша есепшісі қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекіту үшін комиссия құрылып, бекітілген штат кестесімен таныстырды қызметкерлер комиссия құрамына толық сенетіндіктерін айтып, келісім берді.

Шешімі:

- 1.Балабақшаның ішкі еңбек тәртібі ережесі таныстырылсын, қатаң сақталсын.
Қызметкерлердің лауазымдық міндеттері бекітілсін.
- 2.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы таныстырылсын, нұсқаулық ережелері толыққанды орындалсын.
3. Балаларды тамақтандырудың ұйымдастырылуы үшін 10 күндік ас мәзірі құрылсын, дұрыс тамақтандыру ісі қадағалансын.
4. Қызметкерлердің штаттық бірлік кестесін бекітілсін.

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

**«Ерасыл» бөбекжай балабақшасының өндірістік жиналысы
№2 хаттама**

Өткізілген уақыты: 4.12.2024ж

Менгеруші : А.Абилдаева

Тәрбиешілер: Әтен Жансая, Өменова Акмарал

Әдіскер: Бабаева Барно

Тәрбиешінің көмекшісі: Асенова Хануза, Ташенбаева Рахия

Күн тәртібінде:

1. Ішкі еңбек ережелерінің сақталуы
2. Балабақшада өрт қауіпсізді ережелерінің сақталуы (Мәлімдеме)
3. Балабақшаның қыс мезгіліне дайындығын және жарық беру мен жылу беру талабының орындалуына есеп беру.
4. Балабақшаның санитарлық дағдай

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі А.Абилдаева сөз сөйледі. Ең алдымен ішкі тәртіп мақсат міндетімен таныстырып өтті. Осы ішкі тәртіптің сипаты заңнамалармен, еңбек шарттары туралы ережелермен және оның төлемақысымен, мекеме Қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсетумен, Жұмыс берушінің кепілдіктері және жеңілдіктерімен салыстырғанда қосымша басымдылық болып табылады. Ішкі еңбекте сонымен қатар қызметкерлердің құқығы жайлы, жұмыс уақыты, еңбек тәртібі, демалыс уақыттар жайлы айтылды, және бұл ережелердің орындалып жүргендігін айтты. Кіші қызмет көрсетуші персонал жыл бойы тұрақты жұмыс істеді, ішкі еңбек ереже тәртібінің, лауазымдық нұсқаулықтар бұзушылықтары байқалмады.

Екінші мәселе бойынша Әтен Жансая сөз сөйледі: Отпен мұқият болыңыздар. Отпен мұқият болмағандықтан өрт жағдайларының кең тараған уақиғаларына балалардың назарын аударыңыз; баланын отпен сотқарлығы; сөндірілмеген көмірлер; сөндірілмеген темекі қалдықтары, сіріңкелер; саяжай мен орман жиегіндегі жер иелерінің коқысты жағулары; шөптерді өртеу; қысқа мерзімге тұйықталу; электротехникалық құрылғыларды, тұрмыстық құралдарды, пештерді пайдалану.. Балалар табиғаттан бейқам және сенгіш екенін есте сақтаңыз. Балаларда аланғасарлық болатына назар аударыңыз. Сондықтан, өзін ұстаудың оңай ережелерін балардың есіне жиі салуыңыз, олардың есте сақтап және оны қолдануына мүмкіндік береді. Сіз оны үнемі естеріне салып отыруға міндеттісіз дей келе, өрт қауіпсіздігі шараларының орындалуы жайлы айтып өтті. Және өрт қауіпсіздігіне байланысты іс –шаралардың орындалуы, эвакуациялау жайлы біраз мағлұматтар айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша шаруашылық менгерушісі Б.Бостанұлы сөз сөйледі: Өткен жылда ғимараттың және аумақтың (жартылай) ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Сатып алынды: топтарға және ас қоймасына арналған ыдыс-аяқтар, электронды таразылар, кеңсе заттары, жуу құралдары; ас қоймасындағы электр жабдықтарының, кір жуу машиналарын ағымды жөндеу жұмыстары өткізілді. Мектепке дейінгі мекемелердің барлық негізгі бөлмелерінде *табиғи жарық орнатылған*, оның ішінде, ұзақтығы жеткілікті *инсоляциясы* бар. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі балалардың үнемі болатын бөлмелерінің: топтық,

музыкалық және гимнастика залдарының терезелерін оңтүстікке бағыттау ең қолайлы болып табылады, себебі ол күзгі және көктемгі кезеңдерде ұзақ инсоляцияны қамтамасыз етеді және тым қызып кетуінің алдын алады. Дегенмен, топтық бөлмелер үшін 85-градустан 275 градусқа дейінгі азимутта, залдар үшін кез келген бағытталуы рұқсат етілген. Ұйықтайтын бөлмелер мен медициналық пункттерде шығысқа бағытталуы оңтайлы болып саналады, бірақ, кез келген басқа бағытталуы да рұқсат етіледі. Табиғи жарық міндетті түрде сол жағынан түсуі кезінде, үш орынды үстелдерді 3 қатардан артық емес етіп, ал төрт орынды үстелдерді 2 қатар етіп, орналастырылған. Бұл кезде бірінші үстелдерден тақтаға дейінгі ара қашықтығы 2,5-3 м, тақтаның іліну биіктігі 07-0,8 м, үстелдерден жарық келетін қабырғаға дейінгі ара қашықтығы – 1м ді құрайды. Қысқа дайындық есебінде жылу құрылғыларының суы жанартылып, құрылғылар іске қосуға дайын екендігін айтты.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер Б.Бабаева сөз сөйледі Біздің балабақшада 2 топ орналасқан. Әр топтың өз көмекші тәрбиешілері бар. Топтардағы тазалық жұмыстары :

1. Ылғалды жинау.
2. Түбегейлі жинау. (генеральная уборка) болып бөлінеді.

Ылғалды жинау күнде жүргізіледі. Терезелер алды, жылыту құрылғылары, есіктер тұтқасымен, ойын бөлмесіндегі ойыншық шкафтары, тамақ үстелдері, орындықтары, едендер 2 мезгіл жуылады. Төсек кравоттары орнынан қозғалта отырып жуылады. Қабылдау бөлмесінде киім шкафтары үсті мен іші күнде сүртіледі. Асхана буфеттеріндегі шкафтар, жардағы кафельдер, унитаздар жуылады. Әжетхана тазалығы : кафельдер, унитаз, раковиналар дезинфекциялық ерітінді қоса отырып жуылады.

Ойыншықтарды тәрбиешілер бала қабылдамай тұрып және кешкісін бала тараған соң, 2 пайыздық сабынды содалы суда жуып, ағынды суда шаяды.

Түбегейлі жинау: әр айдың соңында бала жоқ уақытта тугел заттарды ортаға жиыстырып, дезинфекциялық ерітінді «ДеоХлор» ерітіндісін қоса жуылады.

Шешім: 1. Ішкі тәртіп ережелері қатаң түрде сақталсын

2.Өрт қауіпсіздік шаралары жоспарға сай орындалып отырылсын

Төрайымы
Хатшы:



А.Абилдаева
Б.Бабаева

